| | |
|---|---|
| **«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ Л.Н. ТОЛСТОЙ АТЫНДАҒЫ № 4 МЕКТЕП -ГИМНАЗИЯСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ** | **КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА- ГИМНАЗИЯ № 4 ИМЕНИ Л.Н.ТОЛСТОГО ГОРОДА СТЕПНОГОРСК ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ СТЕПНОГОРСК УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»** |
| **БҰЙРЫҚ** | **ПРИКАЗ** |
| 27 ақпан 2023 жыл<br>**Степногорск қаласы** | № 103<br>**город Степногорск** |

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы**

"Ақмола облысының білім басқармасы" ММ-нің 24.02.2023 жылғы № 06-04/1119 хатына, Қазақстан Конституциясының 30-бабы 1-тармағының, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 1-тармағының 9-тармақшасының және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл" негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

**1. Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілеріне:**

1.1 1.1. Ата-аналардан сыныптың әртүрлі қажеттіліктеріне (кеңсе тауарлары, ойыншықтар, сыйлықтар, жөндеу жұмыстары және т.б.) заңсыз ақша жинау фактілеріне жол бермесін.

1.2 Нормативтік құжаттаманың болмағаны жағдайда ата-аналар мен оқушыларға ақылы репетиторлыққа және осы қызмет түрін жүзеге асырмауға түсіндірілсін.

1.3. Степногорск қаласының білім бөлімінің «Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы» бұйрығының мазмұны ата-аналардың, білім алушылардың заңды өкілдерінің ақпараттандырылуын қамтамасыз етсін.

1.4. Білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға байланысты шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде дезинфекциялау құралдары, балалар мен қызметкерлердің санитариялық қауіпсіздік құралдары қаланың жергілікті бюджеті есебінен сатып алынады, Ата- аналар мен окушылардан ақша жинауға қатаң тыйым салынады.

1.5. Әр тоқсанның соңында Қамқоршылық кеңесінің, ата-аналар қауымдастығының алдында білім мекемесіне жұмсалған қаржы мәселесі бойынша толық ақпарат берілсін

2. **Мектеп басшыларының орынбасарларына:**

2.1. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері туындаған жағдайда жүгінген азаматтардың өтініштерін қарау мәселелері уақтылы, тұрақты бақылауда ұстасын.
2.2 Мерекелік іс-шараларды, мемлекеттік мерекелерді, 8 Наурыз, Наурыз мерекесін өткізу барысында сыйлықтарды тапсыруға қатаң тыйым салынады.
2.3. Білім беру мекемесінде сыбайлас жемқорлық туындаған жағдайда білім бөлімін уақтылы хабардар ету.
2.4. Мектеп сайттарында оқу жылына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - шараларды іске асыру туралы жоспар, ақпараттық-талдамалық материалдар жүйелі түрде орналастырылсын.
2.5. Тоқсан сайын мектептің сайтында бюджеттен тыс қаражатты пайдалану туралы есеп орналастырылсын.;
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау ОТҮ басшысының орынбасары Е.Н.Титоваға, ТЖ бойынша басшының орынбасары А.В.Ермошкинаға жүктелсін.

**Басшы** **Е.Макарова**